

"Жазыңды Samsung Pay-мен бірге өткіз" жарнамалық науқанын өткізу талаптары

1. Жалпы ережелер

- 1.1. "Жазыңды Samsung Pay-мен бірге өткіз" жарнамалық науқанының (бұдан әрі - Науқан) ұйымдастырушысы - "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк).
- 1.2. Науқанды өткізу кезеңі: 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап 31 тамызға дейін (қоса санағанда).
- 1.3. Жарнамалық Науқан қатысушылары: Қазақстан Республикасы резиденттері, атап айтқанда Науқанды өткізу кезеңі ішінде Науқанның барлық талаптарын орындаған, Еуразиялық банк төлем карталарының (Банктің өнімі, бұдан әрі - карта) барлық ұстаушылары:

Науқанға қатысу талаптары	Жүлде
Еуразиялық банктің кез келген картасымен Samsung Pay арқылы (сомасы бойынша шектелмеген) транзакциялар	PowerBanks
Samsung Pay көмегімен Еуразиялық банктің кез келген картасымен аптасына кемінде 2 транзакция жасаған карт-шоттар (сома бойынша шектеулерсіз)	Samsung Galaxy A01, Samsung Galaxy A51

- 1.4. Осы Науқанды өткізу талаптары (бұдан әрі — Талаптар) Науқанды өткізу, Науқанға қатысу, сондай-ақ жүлделерді беру тәртібін анықтайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.
- 1.5. Науқанға Банктің қызметкерлері де, Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалар да қатыса алады.
- 1.6. Жарнамалық Науқанды өткізу Аумағы шектелген, Еуразиялық банктің карталары бар барлық карточкалық шоттар қатысады.
- 1.7. Науқанды өткізу мақсаты Samsung Pay көмегімен Еуразиялық банктің кез келген карталарымен транзакцияларды жасауға клиенттерді ынталандыру болып табылады.

2. Жүлде қоры

2.1. Науқанның жүлде қоры Samsung Electronics Kazakhstan шығыстары есебінен құралады.

2.2. Науқанның Жүлде қоры:

- Samsung Galaxy A51 – 5 дана;
- Samsung Galaxy A01 – 5 дана;
- PowerBanks – 100 дана;

2.3. Жүлде қорының сыртқы көрінісі жарнамалық материалдардағы бейнесінен, оның ішінде Банктің сайтында, әлеуметтік желілерде және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылған бейнесінен өзгеше болуы мүмкін.

2.4. Ұтыс ойындар келесі кезеңдер бойынша өткізіледі:

Кезең №	Кезеңнің мерзімі	Ұтыс ойынының күні	Жүлделер	Келесі мерзім ішіндегі транзакциялар қатысады
1	01.07.2021 – 11.07.2021	14.07.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 14 дана	01.07.2021 – 11.07.2021

2	12.07.2021 – 18.07.2021	21.07.2021	Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 12 дана	12.07.2021 – 18.07.2021
3	19.07.2021 – 25.07.2021	28.07.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана PowerBanks – 12 дана	19.07.2021 – 25.07.2021
4	26.07.2021 – 01.08.2021	04.08.2021	Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 12 дана	26.07.2021 – 01.08.2021
5	02.08.2021 – 08.08.2021	11.08.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана PowerBanks – 12 дана	02.08.2021 – 08.08.2021
6	09.08.2021 – 15.08.2021	18.08.2021	Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 12 дана	09.08.2021 – 15.08.2021
7	16.08.2021 – 22.08.2021	25.08.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана PowerBanks – 12 дана	16.08.2021 – 22.08.2021
8	23.08.2021 – 31.08.2021	01.09.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 14 дана	23.08.2021 – 31.08.2021

2.5. Банк жүлде қорының ақшалай баламасын бермейді.

2.6. ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

3. Жарнамалық науқан туралы ақпарат

3.1. Осы науқан туралы ақпарат келесі жолдармен таратылады:

- ✓ Банктің **eubank.kz** ресми сайтында орналастыру;
- ✓ Банктің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында орналастыру;
- ✓ интернет алаңдарында жарнаманы орналастыру;
- ✓ жарнамаларды Банктің банкоматтарында және терминалдарында орналастыру.

4. Жүлде қорын алу тәртібі және мерзімі

4.1. Науқанның әр қатысушысы Банктің **eubank.kz** сайтында жарияланған Науқан талаптарымен өз бетімен таныса алады.

4.2. Осы Талаптардың 2.2-тарауында көрсетілген Науқанның жүлде қорын алу үшін Қатысушылар Науқанды өткізу кезеңі ішінде Samsung Pay көмегімен Еуразиялық банктің кез келген карталарымен транзакцияларды жасауы керек.

4.3.

Кезең №	Кезеңнің мерзімі	Ұтыс ойынының күні	Жүлделер	Келесі мерзім ішіндегі транзакциялар қатысады
1	01.07.2021 – 11.07.2021	14.07.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 14 дана	01.07.2021 – 11.07.2021
2	12.07.2021 – 18.07.2021	21.07.2021	Samsung Galaxy A01 – 1 дана	12.07.2021 – 18.07.2021

			PowerBanks – 12 дана	
3	19.07.2021 – 25.07.2021	28.07.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана PowerBanks – 12 дана	19.07.2021 – 25.07.2021
4	26.07.2021 – 01.08.2021	04.08.2021	Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 12 дана	26.07.2021 – 01.08.2021
5	02.08.2021 – 08.08.2021	11.08.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана PowerBanks – 12 дана	02.08.2021 – 08.08.2021
6	09.08.2021 – 15.08.2021	18.08.2021	Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 12 дана	09.08.2021 – 15.08.2021
7	16.08.2021 – 22.08.2021	25.08.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана PowerBanks – 12 дана	16.08.2021 – 22.08.2021
8	23.08.2021 – 31.08.2021	01.09.2021	Samsung Galaxy A51 - 1 дана Samsung Galaxy A01 – 1 дана PowerBanks – 14 дана	23.08.2021 – 31.08.2021

4.4. Бұл ретте Науқанның бір Қатысушысы осы Талаптардың 2.2-тармағында көрсетілген жүлденің (1 (біреуін) ғана ала алады.

4.5. Samsung Galaxy A51, A01 телефондарының ұтыс ойыны әлеуметтік желілердегі банктің ресми аккаунттарында тікелей эфирде өткізіледі.

4.6. PowerBanks ұтыс ойыны телефондардың ұтыс ойынына дейін 1 сағат бұрын комиссияның 3 мүшесінің қатысуымен тікелей эфирде өткізіледі.

4.7. PowerBanks ұтыс ойынының нәтижелері банктің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунтарында өткізілетін телефондардың ұтыс ойынының тікелей эфирінде айтылатын болады.

4.8. Жұлде қорын тапсыру туралы хабарлауды Банк қызметкерлері науқанның Қатысушысының ұялы нөміріне қоңырау шалу арқылы жүзеге асырады.

4.9. Жұлде қорын тапсыру Қазақстан Республикасының аумағында ғана, Банктің кез келген бөлімшесінде/филиалында жүзеге асырылады.

4.10. Жұлде қорын беру Науқан кезеңі ішінде апта сайын жүзеге асырылады.

4.11. Жұлде қорын Банк бөлімшесінен/филиалынан алу үшін Қатысушы ҚР Заңнамасына сәйкес жеке басын куәландырушы құжатты көрсетуі қажет.

4.12. Науқанның қатысушылары арасында ұтыс ойынын өткізу үшін 3 (үш) мүшеден кем емес және сырттан шақырылған нотариустан тұратын комиссия құрылады.

4.13. Комиссия мүшелерінің атқарымдарына келесілер кіреді:

- Науқанның жұлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
- жеңімпаздардың резервтік тізімін жасау;
- Жеңімпаздарды көрсетумен тиісті хаттамаға қол қою арқылы Науқанның қатысушылары арасында ұтыс ойынын өткізудің нәтижелерін растау.

4.14. Науқанның қатысушылары арасындағы ұтыс ойыны бағдарламалық жасақтаманың (бұдан әрі - БЖ) көмегімен Науқанның өткізілу кезеңі ішінде Банктің деректер қорында тіркелген транзакцияның реттік нөмірін кездейсоқ анықтау қағидасына негізделген.

4.15. Кездейсоқ сандарды іздестіру алгоритмі бар БЖ экранда көрсетілетін және Науқанның

Жеңімпаздарын анықтайтын деректер қорындағы реттік нөмірлерді анықтайды.

4.16. Ұтыс ойыны аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері БЖ анықтаған жеңімпаз транзакциялардың нөмірлерін жазып алады.

4.17. Ұтыс ойынын өткізу нәтижелері комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылатын ұтыс ойыны нәтижелерінің тиісті хаттамасына комиссиямен енгізіледі.

4.18. Егер негізгі тізімдегі жеңімпаздар осы Науқан Талаптарында көрсетілген осы Науқанның ережелерін орындамаса, Банк осындай жеңімпазды өлшемшарттарға сәйкес келетін жеңімпаздардың резервтік тізіміндегі тұлғамен айырбастауға құқылы.

4.19. Ұтыс ойынының қорытындылары ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін және жүлдені бергеннен кейін eubank.kz сайтында жарияланады (індет кезеңі ішінде жүлделерді ұсыну мерзімі созылуы мүмкін).

4.20. Ұтыс ойынының нәтижелері соңғы болып табылады және қайта қарастырылмайды.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Науқанға қатысу фактісі қатысушының осы Талаптармен толығымен келісетіндігін растайды.

5.2. Банк жүлделерді беру рәсімдерін өзгерту және Науқан туралы қосымша ақпараттарды eubank.kz-те жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5.3. Банк жеңімпаздардың аты-жөні мен фотосуреттерін Банктің жарнамалық мақсаттарында пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

5.4. Банк алдын ала ескертусіз және себептерді түсіндірмей, осы Талаптарды бұзып жатқан тұлғаларға Науқанға қатысу мүмкіндігін кез келген сәтте оқшаулау құқығын өзіне қалдырады, атап айтқанда:

- ✓ Банк пен Науқанның қатысушылары үшін жағымсыз салдарға әкеп соққан немесе соғатын, Банкпен алаяқтық, алдау немесе басқа айла-амал деп танылған әрекеттерді жасау;
- ✓ Банктің, Науқанның қатысушылары атына кемсітетін комментарийлерді жазу және қорлайтын пікір айту, Банк пен Науқан туралы шындыққа сай емес деректерді тарату.

5.5. Науқанның өткізілуін ұйымдастыруға қатысты наразылықтар келесі мекенжай бойынша жіберілуі мүмкін: **probank@eubank.kz**. Банк түскен наразылықтар бойынша шешімді оларды алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей қабылдайды.

5.6. Банк Науқанды болдырмау немесе оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ осы Талапты өзінің қажетіне қарай ауыстыру құқығын өзіне қалдырады. Банк Науқанның талаптарының өзгергені жайлы ақпаратты eubank.kz-те қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.

"Еуразиялық банк" АҚ-тың **"Жазыңды Samsung Pay-мен бірге өткіз"** науқанын өткізу талаптарына №1 қосымша

Жұлдені қабылдау актісі

Мен, _____,
_____ (құжатты берген орган) берген _____ (күні) № _____
_____ жеке куәлігі, ЖСН _____, 2021 жылы 1 шілдеден бастап
31 тамызға дейін (қоса санағанда) өтетін **"Жазыңды Samsung Pay-мен бірге өткіз"**
науқанының жеңімпазы болып табылатыным туралы хабардармын және
_____ жұлдені алғанымды растаймын.

Күні _____ Қолы _____

Мен, _____,
"Жазыңды Samsung Pay-мен бірге өткіз" науқанының жеңімпазы болып табыламын және
ТАӘ, фотосуреттерді және сұхбатты өтеусіз негізде Банктің жарнамалық мақсаттарда
пайдалануға өз келісімімді беремін.

Күні _____ Қолы _____

"Еуразиялық банк" АҚ-тың **"Жазыңды Samsung Рау-мен бірге өткіз"** науқанын өткізу талаптарына №2 қосымша

Жүлдеден бас тарту актісі

Мен, _____,
_____ (құжатты берген орган) берген _____ (күні) №
_____ жеке куәлігі, ЖСН _____, "Еуразиялық банк" АҚ 2021
жылғы 1 шілдеден бастап 31 тамызға дейін (қоса алғанда) өткізген **"Жазыңды Samsung Рау-мен бірге өткіз"** науқанының жеңімпазы болып табылатыным туралы хабардармын және осы арқылы жүлдені алудан бас тартамын.
Болашақта "Еуразиялық банк" АҚ-қа қатысты наразылығым болмайды.

Күні _____ Қолы _____